

**Қазақстан Республикасында орнатылатын ескерткіштер мен монументтер жөніндегі мемлекеттік комиссия құру туралы**

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 1 наурыздағы N 311 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 23 тамыздағы № 476 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 23.08.2016 № 476 қаулысымен.**

Қазақстан Республикасында орнатылатын ескерткіштер мен монументтердің жоғары идеялық және көркемдік деңгейін қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасында орнатылатын ескерткіштер мен монументтер жөніндегі мемлекеттік комиссия (бұдан әрі - Комиссия) құрылсын.

2. Қоса беріліп отырған:  
Комиссия туралы ереже;

Комиссия құрамы бекітілсін.

3. Ескерткіштер мен монументтер Комиссияның ұсынымдары негізінде орнатылады деп белгіленсін.

**Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 09.04.2014 N 329 қаулысымен.**

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

**Қазақстан Республикасының**

***Премьер-Министрі***

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2001 жылғы 1 наурыздағы

N 311 қаулысымен

бекітілген

**Қазақстан Республикасында орнатылатын ескерткіштер мен монументтер жөніндегі мемлекеттік комиссия туралы ереже**

**1. Жалпы ережелер**

1. Қазақстан Республикасында орнатылатын ескерткіштер мен монументтер жөніндегі мемлекеттік комиссия орнатылатын ескерткіштер мен монументтердің

жоғары идеялық және көркемдік деңгейін қамтамасыз ету жөніндегі қызметті жүзеге асыратын Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы консультативтік-кеңесші орган болып табылады.

2. Комиссия өз қызметін Қазақстан Республикасының заңнамаларына, сондай-ақ осы ережеге сәйкес жүзеге асырады.

## **2. Комиссияның негізгі функциялары мен өкілеттіктері**

3. Комиссия орталық мемлекеттік органдардың және облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдарының ескерткіштер мен монументтер орнату туралы ұсыныстарын қ а р а й д ы ж ә н е :

1) ескерткіштің немесе монументтің ең таңдаулы жобасына конкурстар өткізу ;

2) конкурсқа ұсынылған ескерткіштер мен монументтер жобаларының конкурс шарттарында белгіленген талаптарға сәйкестігін тексеру;

3) ең үздік жобаларға сыйлықтар және көтермелеудің басқа да түрлерін беру;

4) конкурс қорытындылары негізінде жобалық құжаттарды одан әрі әзірлеу;

5) ескерткіш немесе монументтің эскиздік жобасын, мүсіннің жұмыс моделін, тұғырдың сызбаларын, жұмсақ материалда жасалған құрылыс мөлшеріндегі мүсін моделін, құрылыс материалында (кола, гранит және т.б.) жасалған мүсінді, жасалған және төңірегіндегі аумақтың көркейтілуі аяқтала отырып орнатылған ескерткіш немесе монумент құрылысын қабылдау жөнінде ұсынымдар береді.

**Ескерту. 3-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР Үкіметінің 2002.11.21. N 1235; 09.04.2014 N 329 қаулыларымен.**

4. Комиссия белгіленген тәртіппен және өз құзыретіне енетін мәселелер б о й ы н ш а :

1) республикада ескерткіштер мен монументтер орнату мәселелерін реттеу жөнінде ұ с ы н ы м д а р ә з і р л е у г е ;

2) Комиссия құрамына өзгеріс туралы Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұ с ы н ы с т а р е н г і з у г е ; < \* >

3) ескерткіштерді немесе монументтерді жобалау және құрылысы процесінде авторлармен консультативтік жұмыс жүргізуге;

4) ескерткіштер мен монументтер жобаларын дайындау және іске асыру жөнінде уақытша және тұрақты жұмыс істейтін сараптамалық және жұмыс топтарын ұйымдастыру бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұ с ы н ы с т а р е н г і з у г е ; < \* >

5) ескерткіштер мен монументтер жобаларын бағалау, басым жобаларды таңдау жөнінде ұсыныстар әзірлеу мен енгізу үшін Қазақстан Республикасының

мүдделі мемлекеттік органдары мен ұйымдарының мамандарын және консультанттарды тартуға;

6) Комиссия құзыретіне жататын мәселелер бойынша заңды тұлғалардан қажетті ақпарат сұратуға;

7) Комиссия мүшелерінің мәжілістерінде Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары мен ұйымдарының жауапты өкілдерін, сараптама және жұмыс топтары жетекшілерін тыңдауға;

8) ескерткіш және монумент құрылысына арналған гранттар мен техникалық көмек түрінде қаржыландыру тарту туралы ұсыныстар енгізуге;

9) Комиссия мүшелерін ескерткіштер мен монументтер жобаланатын және орнатылатын жерлерге іссапарға жіберу туралы ұсыныстар енгізуге құқылы.

**Ескерту. 4-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.07.30. N 807 қаулысымен.**

### **3. Комиссияның қызметін ұйымдастыру**

5. Комиссияның мәжілістері қажеттілігіне қарай, бірақ тоқсанына кемінде бір рет Комиссия төрағасы айқындайтын мерзімде өткізіледі. Комиссия мәжілістерінде орнатылатын ескерткіштер мен монументтер бойынша облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдарының жауапты өкілдері тыңдалады.

Комиссия күн тәртібіне сәйкес мәжілістерде ұсыныстарды қарайды және барлық ұсынылған мәселелер бойынша ұсынымдар береді.

**Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 09.04.2014 N 329 қаулысымен.**

5-1. Комиссия құрамына жетекші сәулетшілер мен мүсіншілер, өнертанушылар, мемлекеттік органдардың, ғылым және мәдениет мекемелерінің, шығармашылық одақтардың және басқа да мүдделі ұйымдар мен мекемелердің өкілдері кіреді.

**Ескерту. 5-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2002.11.21. N 1235 қаулысымен.**

5-2. Комиссияның қарауына ұсынылатын мәселелердің тізбесін түсуіне қарай орталық мемлекеттік органдардың және облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдарының ұсыныстары бойынша Комиссияның жұмыс органы жасайды.

**Ескерту. 5-2-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2002.11.21. N 1235; жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 09.04.2014 N 329 қаулысымен.**

5-3. Құрылысы аяқталған, эскиздері мен модельдері мәжілістерде алдын ала каралмаған ескерткіштер мен монументтер жөніндегі ұсыныстар Комиссияның

қарауына

қабылданбайды.

**Ескерту. 5-3-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2002.11.21. N 1235 қаулысымен.**

5-4. Комиссияның төрағасы оның қызметіне басшылық жасайды, отырыстарында төрағалық етеді, жұмысын жоспарлайды, оның шешімдерінің іске асырылуын жалпы бақылауды жүзеге асырады және Комиссия жүзеге асыратын қызметке дербес жауап береді. Төраға болмаған кезде оның функцияларын орынбасары атқарады.

**Ескерту. 5-4-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2008.06.28 N 643 Қаулысымен.**

**5-5. Алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 09.04.2014 N 329 қаулысымен.**

6. Егер Комиссия мәжілісінің жұмысына Комиссия мүшелерінің жалпы санының кемінде үштен екісі қатысса, ол заңды болып есептеледі. Комиссияның шешімдері мәжіліске қатысып отырған Комиссия мүшелерінің жалпы санының көпшілік дауысымен қабылданады.

**Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 09.04.2014 N 329 қаулысымен.**

6-1. Комиссия мәжілісі өткізілгеннен кейін Комиссия хатшысы хаттамаларды ресімдейді.

**Ескерту. Ереже 6-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 09.04.2014 N 329 қаулысымен.**

6-2. Комиссия шешімдері ашық дауыс беру арқылы қабылданады және оларға комиссия мүшелерінің жалпы санының көпшілігі дауыс берсе, қабылданды деп есептеледі. Дауыс беру комиссия отырысында Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 16 наурыздағы № 247 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы консультациялық-кеңесші органдар мен жұмыс топтарын құру тәртібі, қызметі мен таратылуы туралы нұсқаулыққа (бұдан әрі – Нұсқаулық) қосымшаға сәйкес нысан бойынша дауыс беру парағын толтыру жолымен өткізіледі. Дауыстар тең болған жағдайда, төраға дауыс берген шешім қабылданды деп есептеледі.

Комиссия мүшелерінің ерекше пікір білдіруге құқығы бар, оны білдірген жағдайда, ол жазбаша түрде жазылуы және Нұсқаулықтың 24-тармағында көзделген комиссияның есеп-хатына қоса берілуі тиіс.

Комиссия отырыстарын өткізу нәтижелері бойынша және дауыс беру парақтарының негізінде үш жұмыс күні ішінде хаттама жасалады, оған төраға мен хатшы қол қояды.

Дауыс беру қорытындысы бойынша хаттама жобасының мазмұны өзгерген жағдайда, комиссия хатшысы қабылданған шешімнің нақтыланған редакциясы бар дауыс беру парағын комиссия мүшелеріне келісу үшін жібереді.

Комиссия мүшелері дауыс беру парағын алғаннан кейін бір жұмыс күні ішінде келісу не себептерін негіздей отырып, келіспеу туралы жауап береді.

Ескерту. Ереже 6-2-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 09.04.2014 N 329 қаулысымен.

6-3. Дауыс беру парақтарымен қоса, комиссия материалдары мен хаттамалық шешімдерін есепке алуды және сақтауды комиссияның жұмыс органы жүзеге асырады.

Ескерту. Ереже 6-3-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 09.04.2014 N 329 қаулысымен.

7. Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі Комиссияның жұмыс органы болып табылады.  
Комиссияның жұмыс органы комиссия жұмысын ұйымдастырушылық-техникалық қамтамасыз етуді жүзеге асырады, оның ішінде комиссия отырысының күн тәртібі бойынша ұсыныстарды, қажетті құжаттарды, материалдарды дайындайды, олар комиссия отырысы өткізілгенге дейін үш жұмыс күні қалғанда хаттама жобасымен қоса комиссия мүшелеріне жіберілуі тиіс.

Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 09.04.2014 N 329 қаулысымен; өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 04.09.2014 N 970 қаулысымен.

8. Алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 09.04.2014 N 329 қаулысымен.

9. Комиссия өзінің қызметін Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі негізінде тоқтатады.

Ескерту. 9-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2008.06.28 N 643 Қаулысымен.

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2001 жылғы 1 наурыздағы  
N 311 қаулысымен

бекітілген

**Қазақстан Республикасында орнатылатын ескерткіштер мен монументтер жөніндегі мемлекеттік комиссияның құрамы**

Ескерту. Құрам жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 04.09.2014 N 970 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрі, төраға  
Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт вице-министрі, төрағаның  
орынбасары

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің Мәдениет және өнер істері департаменті директорының орынбасары, хатшы  
Қазақстан Республикасының Парламенті Сенатының депутаты (келісім бойынша )

Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің депутаты (келісім бойынша )

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің Мәдениет және өнер істері департаментінің директоры  
Қазақстан Республикасы Суретшілер одағының төрағасы (келісім бойынша)  
Қазақстан Республикасы Сәулетшілер одағының төрағасы (келісім бойынша)  
мүсінші, Қазақстан Республикасы Суретшілер одағының мүшесі (келісім бойынша )

мүсінші, Қазақстан Республикасы Суретшілер одағының мүшесі (келісім бойынша )

мүсінші, Қазақстан Республикасы Суретшілер одағының мүшесі (келісім бойынша )

сәулетші, Қазақстан Республикасы Сәулетшілер одағының мүшесі (келісім бойынша )

сәулетші, Қазақстан Республикасы Сәулетшілер одағының мүшесі (келісім бойынша )

ғылым және Мәдениет мекемелерінің өкілдері, (лауазымы) (келісім бойынша)

ғылым және Мәдениет мекемелерінің өкілдері, (лауазымы) (келісім бойынша)

өнертанушы, Қазақстанның еңбек сіңірген өнер қайраткері (келісім бойынша)

өнертанушы, Астана қаласының еңбек сіңірген сәулетшісі (келісім бойынша)